**Студенттің өздік жұмысы (СӨЖ)**

## Қазақстанның көрікті жерлері

Қазақстанда шипалы су шығатын әрі емдік балшығы бар табиғаты ғажап, әдемі жерлер көп. Қазақ жерінде табиғи емдік қасиеті бар жерлер туралы алғашқы мәліметтер XIX ғасырдың орта кезінде белгілі бола бастайды. 1834-1880 жылдар аралығында Шығыс Қазақстандағы Рахман бұлағы, Қапал Арасан, Бурабай, көлінің, Барлық-Арасан бұлағының шипалы қасиеттері туралы белгілі болды. 1920-1925 жылдар аралығында Бурабай, Мойылды, Ауыл, Сер, Рахман бұлақтары, Шымған, Жаңақорған курорттары ашылды.

Жоғарыда аталған демалыс орындарының әрқайсысының табиғаты ерекше. Демалыс үйлері, туристік базалар, санаторийлер орналасқан жерлердің табиғаты көркем, ауасы таза, суы мөлдір. Мұнда денсаулығы нашарлаған адамдардың тынығып, күш жинап, ем қабылдап, күшқуатын қалпына келтіруге барлық жағдай жасалған.

**Мәтінмен жұмыс:**

**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, аударыңыз.**

**2-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша төмендегі кестені толтырыңыз.**

| **Кіріспе бөлім** | **Негізгі бөлім** | **Қорытынды** |
|---|---|---|
| Тірек сөздер | Тірек сөздер | Тірек сөздер |
| Ойды білдіретін сөйлеммен жазыңыз | Негізгі бөлімді білдіретін ойды жазыңыз | Қорытынды ойды түйіндеп жазыңыз |
| | | |